

ӘОЖ 341.231.

## **АДАМДАРДЫ САУДАҒА ЖӘНЕ ҚҰЛДЫҚҚА САЛУ**

**Мусина Индира Жанатқызы**

*[mussinaindira@gmail.com](mailto:mussinaindira@gmail.com)*

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана,  
Қазақстан

Халықаралық құқық мамандығы ХҚқ-31 тобының студенті  
Ғылыми жетекшісі – Сейдеш Б. Б.

Тәуелсіз, дербес мемлекет санайтын әр елдің бұл салаға айрықша мұқият болып, өз азаматтарының мүддесін қорғауда қырағылық танытып отырған жөн. Күнделікті ақпараттарды парақтаған кезде «із түссіз жоғалып кетті» деген хабарларға еріксіз көңіл аударып, шынында бұл жандар қайда жүруі мүмкін деген ойға ораласың. Трафик немесе адам сату аясында «құлдыққа» мәжбүрлеп пайдалану- біздің топырағымызға, ұлттық дінімізге мүлдем жат, жан түршіктірер ұғым.

Құлдық және құлдыққа сату – бүгінгі мәселеде кең орын алған актуалдық құбылыс барлық әлемде орын алып отыр. Бұл әрекет адам құқығының өрескел тәртібін бұзатыны анықтан айғақ. Қазіргі таңда осы қылмыс түріне әлемдегі барлық бірлестіктер қарсы тұруда.

Құл саудасы - қазіргі кезде глобальды масштабтарды алып жатыр және адам саудасы аясында ежелден бастап дамыған формасы болып табылады.

Көбіне қазіргі кездегі құл саудасының құрбандары – бұл әйел адамдары мен кәмелетке толмаған жас балалар болып табылады. АҚШ Мемлекеттік департаментінің мәліметтеріне сәйкес, осыдан екі жыл бұрын, құлдыққа шамамен 700.000 адам сатылып, мемлекет шекарасынан асырылып жіберетіндігі туралы деректер бар. Адам құқығын қорғау Орталығының бақылауы бойынша, жыл сайын құлдыққа 4 млн. адам шамасында түседі.

Құл саудасының сақталуына және дамуына жанама себеп болып отырған - бұл адамзаттың экономикалық жағынан қарқынды дамуы мен глобализация процестері болып табылады. Көптеген елдерде, өнеркәсіп революциясы, ауыл адамдарының қалаға көшуіне және дәстүрлі қоғамдарының жойылуына себеп тигізді. Көбінесе жұмыс берушілердің арзан жұмыс күшіне қызығушылығы басым болады. Сондықтан олар тек адам құқықтарының қорғау заңдылықтары дамымаған елдерге көп көңілін бөледі. Осындай елдерде құлдық саудасы көп тарайды және құлдық саудасының түрлі жұмысқа күштеп салу сияқты формалары дами бастайды. Сонымен қатар, мемлекеттің түрлі қылмыс түрлерімен күресу жолдарын қарастырмайды. Ол да құлдық саудасының дамуына оң әсерін тигізеді.

Негізінен, осы мәселеге бірден-бір қатысы бар 1926 ж. 25 қыркүйекте Женева қаласында қол қойылған «Құлдық туралы» конвенцияның 7-бабында адамды құлдыққа сату мақсатында ұстау, сату немесе айырбастау үшін басқа біреуге берудің, сондай-ақ еріксіздерді сатудың немесе алып кетудің кез келген көрінісі - құлдыққа салу саудасы деп түсіндірілген. Соған орай Біріккен Ұлттар Ұйымы әйелдерді, балаларды және кәмелетке толмағандарды саудаға салумен күрес туралы халықаралық конвенцияның хаттамасын қабылдады. Конвенцияларда және аталған хаттамада әйелдерді жезөкшелікке салу және әйелдер мен балаларды сатумен шұғылданатын адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тарту және әр елдің әйелдер мен балаларды саудалайтын кәсіпқой саудагерлері туралы ақпарат беріп отыру көзделген.

Бұған дәлел Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтары жөніндегі жалпыға ортақ декларацияда барлық адамдардың құқықтарының тең екендігі және адамдарды нәсілдік түр-түсі, жынысы, тілі, дінге көзқарасы, сондай - ақ саяси танымы бойынша қандай да болмасын кемсітушілікке тыйым салынатыны айтылған. Сондай-ақ, осы әмбебап құжаттың 4-бабында: «Ешкім құлдықта ұсталуға тиіс емес; құлдық және құлдыққа сату саудасының барлық түріне тыйым салынады» - деп белгіленген болатын.

Негізінен, адамның құлдыққа түскенін анықтау, үш критерий бойынша жүргізіледі:

1. Құлдыққа түскен адамның қызметі - қорқыту, үрейлетумен бақыланады;

2. Құлдыққа түскен адам белгілі бір жерде еріксіз және мәжбүрлі түрде қызметін атқарады, бірақ ол жағдайды өз еркімен өзгерте алмайды;

3. Құлдық құрығындағы адам өз қызметі үшін төлемақысын төмен мөлшерде немесе тіпті мүлдем алмайды.

Аталған осы анықтамаларға негізделетін болсақ, құлдық немесе құлдыққа сатуға байланысты қылмыстар – азаматтардың қоғамдық қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, жеке бас бостандығына және оларға ешкімнің тиіспеушілігіне қол сұғады. Қылмыстың бұл түрі, қылмыскерлердің пікірі бойынша, баюдың және басқа да құқыққа қайшы міндеттерді шешудің әлдеқайда тез әрі тиімді тәсілі болып табылады. Алайда, көрсетілген қылмыстардың өсу үрдісіне септігін тигізіп келе жатқан бұдан гөрі әлдеқайда терең себептер бар. Өкініштісі сол, бұл себептер әлеуметтік-экономикалық, ал кейде тіпті саяси сипатқа ие болуда. Қоғамның байлар мен кедейлер болып әлеуметтік тұрмыстық ахуал жағынан жікке бөлінуі, кәсіпкерлер мен өзге де аukatты адамдардың көбеюі және олардың кейде қылмыстық ортамен байланыста болуы өздерінің жемтікке айналуына әкеп соғады. Сонымен қатар, ұлттық-этностық негізге байланысты және билік өкілдері мен балаларды ұрлау оқиғаларын да осы келеңсіз құбылысқа жатқызамыз. Құлдыққа алу немесе құлдыққа сату туралы айтқанда, қылмыстық ортада материалдық сұраныстың белең алып, ұйымдасқан құрылымдардың белсене қалыптасып отырғанын, бизнестің алуан түрлі салаларына оның ықпал ету әсерінің арта түскенін және қылмыстық кәсіптің неғұрлым «тиімді» тәсілдерінің іздестіріліп жатқанын ескерусіз қалдыруға болмайды. Демек, мұның бәрі сайып келгенде, құлдық саудасы әрекетінің қоғамдық қауіптілік дәрежесінің артып, қылмыстық аясының кеңейе түсуі оған қарсы тосқауыл қоятын қолданыстағы заңды, жауаптылықты барынша қатаңдатуды қажет етеді.

Менің ойымша, осы жерде мынадай сұрақ туындауы мүмкін? Көбіне қай саланың және қандай дәрежедегі адамдар мұндай қатерге тап болады? Адамдарды ұрлау туралы қылмыстық істерге жасалған талдау жәбірленушілердің жеке бастарына қатысты мынадай өлшемдерді бөліп көрсетуге және олардың ұрлану жиілігін, ұрланудың кему ретімен көрсете отырып, анықтауға мүмкіндік береді. Қызмет сипатына қарай жеке коммерциялық құрылымдардың басшылары осы құрылымдардың қызметкерлерін, бірлескен кәсіпорындардың, мемлекеттік сауда, қызмет көрсету мекемелері қызметкерлерін, студенттерді, мектеп оқушыларын, фермерлерді, мектеп жасына дейінгі балаларды және т.б. осылардың қатарына жатқызуға болады. Демек, мұндай жағдайға тап болатындардың дені коммерциялық құрылымдар мен бірлескен кәсіпорындардың қызметкерлері болып табылады. Мұның өзі, қылмыскерлердің пікірінше, олардың қолдарында елеулі материалдық игіліктер бар дегенді білдіреді.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде осы санатқа байланысты бірнеше баптар бар. Олар:

1. Адамды ұрлау;
2. Адамның дене мүшелері мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу;

3. Бас бостандығынан заңсыз айыру;

4. Саудаға салу;

5. Кәметке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға тарту;

6. Адамды оның тұрақты немесе уақытша тұратын жерінен алыстатуға және оны ата-аналары, таныстары мен құқық қорғау органдары үшін белгісіз жерде ұстауға бағытталған қасақана ұрлау, пайдалану болып табылады.

Жалпы әлемді шырмаған бұл шырғалаңның алдын алу үшін біздің елімізде де барлық шаралар қолға алынуда. Алайда, ең бастысы, қауіпсіздік шараларын күшейтіп, жер-жерде ақпараттық қамтамасыз етуді, халыққа сақтық мәселесін кеңінен түсіндіруді қолға алған жөн. Сондықтан, әлемдік ауқымды бұл проблеманы алдын алуда, тым болмаса, мынадай шараларын жүзеге асыру қажет:

- кез келген құлдық көріністеріне және құлдық саудасына қатаң тыйым салу, егер кей жерлерде болсын құлдыққа сату байқалған жағдайда, оған қатаң жаза шараларын қолдану;

- жоспарланған құлдық және құлдыққа сатуды жасауға дайындалғандарды, яғни зорлау сияқты әрекеттерге жазалау шараларын барынша қатаңдату;

- жоспарланған құл саудасын жасаған адамдарға жеткілікті түрде жазалау шараларын белгілеу;

- мемлекеттің құлдық және құлдыққа сатудың алдын алу мен болдырмау шараларын қатаң қадағалануы.

Осыған орай, қазіргі таңда, құлдық құрағына түспеу шараларын құқық қорғау органдары әр түрлі жолдармен жасап отыр. Мысалы, 2002 жылы визаның жаңа түрі пайда болды. Бұл визада «Т» деген белгісі болған. Бұл виза құлдыққа түспеу үшін берілген. Ол визаны құқық қорғау органдары шетелге жұмыс іздеп бара жатқандарға қызметтес болуға және байланыста болу жағдайда деген шартпен береді. Құлдыққа түскен құрбандар, тұрған жерлерінде өзіне және өз отбасына уақытша тұру азаматтылығын ала алады, мысалы АҚШ мемлекетінде мұндай жағдай қарастырылған.

Сондықтан, адам саудасына жаппай тосқауыл қою мәселесіне біздің ел азаматтары да барынша көңіл бөліп, осы бір келеңсіз құбылыстың жолын кесуге өз үлестерімізді қоссақ екен деймін.

Тәуелсіз еліміздің ертеңінің бүгінгіден нұрлы болуының өзі осыған байланысты екенін әсте естен шығармаған дұрыс.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

Құлдық мәселесіне өз зерттеулерін жүргізген мынадай ғалымдардың еңбектері қолданылды:

1. Волошин А.В. Незаконные сделки в отношении человека: проблемы криминализации и пенализации.

2. Орловская Н.А. Торговля людьми как транснациональная проблема.

3. Буряк М.Ю. Правовая борьба с торговлей людьми// Транснациональная организованная преступность: дефиниции и реальность.
4. Права человека; Алматы, «Данекер», 1999г.
5. А.Тасболатов. Бостандық пен құқық кепілі // Егемен қазақстан//